

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2024 жылғы 12 наурыз

KASE 2023 жылғы қызметі үшін Биржа мүшелерін, листингілік компаниялар мен БАҚ өкілдерін марапаттады

2024 жылдың 12 наурызында "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2023 жылдың қорытындылары бойынша: Биржа нарықтарында үздік нәтижелерге қол жеткізген Биржа мүшелерін, айқындыққа ұмтылысы үшін – листингілік компанияларды, сондай-ақ қор нарығына қатысты ақпаратты белсенді жариялағаны үшін – бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) өкілдерін жыл сайынғы марапаттау салтанатын өткізді.

KASE мүшелері

Биржа мүшелерінің арасында "Акциялар нарығындағы жылдың үздік андеррайтері" номинациясында "KEGOC" АҚ жай акцияларының жария ұсынысын (SPO) өткізу кезінде бірлескен букраннерлер – "Halyk Finance" АҚ, "SkyBridge Invest" АҚ, "Фридом Финанс" АҚ, "BCC Invest" АҚ және "First Heartland Jusan Invest" АҚ марапатталды. KASE-де "KEGOC" АҚ-ның қарапайым акцияларының SPO аясында 18,7 млрд теңге сомасына 37 мыңнан астам өтінім қанағаттандырылды, бұл орналастырудың жалпы көлемінің 82,4 %-ын құрайды.

"Корпоративтік облигациялар нарығындағы жылдың үздік андеррайтері" номинациясында орналастырылған облигациялар шығарылымдарының саны және тартылған қаржыландыру көлемі бойынша аталған номинацияның көшбасшылар үштігі қатарында "Фридом Финанс" АҚ, "BCC Invest" АҚ және "Halyk Finance" АҚ марапатталды.

"Акциялар нарығының көшбасшысы" номинациясында "қор" санаты бойынша KASE-нің үш мүшесі жеңімпаз деп танылды, олар 2023 жылды акциялар секторындағы ең жоғары белсенділік коэффициенттерімен (K_a) аяқтады: "Фридом Финанс" АҚ ($K_a = 3,46$), "Halyk Finance" АҚ ($K_a = 2,19$) және "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ($K_a = 2,18$). Осы номинацияның жеңімпаздары өз клиенттері атынан қосалқы шоттардың, сондай-ақ омнибус-шоттардың бірегей кодтарының қатысуымен акциялар секторында мәмілелер жасау қызметін белсенді атқарды.

"Корпоративтік облигациялар нарығының көшбасшысы" номинациясында екі қатысушы марапатталды: "Фридом Финанс" АҚ және "First Heartland Jusan Invest" АҚ. 2023 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік облигациялар нарығындағы ең жоғары коэффициент "Фридом Финанс" АҚ-да $K_a = 3,80$ белсенділік коэффициентімен тіркелді, екінші сатыға $K_a = 2,11$ белсенділік коэффициентімен "First Heartland Jusan Invest" АҚ ие болды.

"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының көшбасшысы" номинациясында тиісінше $K_a = 2,92$ және 1,56 белсенділік коэффициенттерімен ең жоғары сауда-саттық белсенділігін көрсеткені үшін "Фридом Финанс" АҚ мен "Kaspi Bank" АҚ жеңімпаз деп танылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша "Шетел валюталары нарығының көшбасшысы" номинациясында "Ситибанк Қазақстан" АҚ және "Банк ЦентрКредит" АҚ жеңімпаз болды.

"Акциялар нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері" және "Корпоративтік облигациялар нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері" номинацияларында "Фридом Финанс" АҚ, "BCC Invest" АҚ және "Halyk Finance" АҚ белсенділік танытты. Жеңімпаздарды анықтау кезінде келесі

параметрлер ескерілді: компаниялар маркет-мейкерлер міндетін атқарған бағалы қағаздар атауларының саны, маркет-мейкер мәмілелерінің көлемі мен саны.

"МБҚ нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясында "Фридом Финанс" АҚ және "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жеңімпаз атанды.

"Инвесторларды тартудағы елеулі үлесі үшін" номинациясында үш қатысушы марапатталды: "First Heartland Jysan Invest" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ және "Банк ЦентрКредит" АҚ. Қатысушылар омнибус шоты арқылы бөлшек клиенттерге қызмет көрсету жүйесін табысты құрды және "First Heartland Jysan Invest" АҚ 2023 жылы бөлшек клиенттердің қосалқы шоттары санының ең көп өсімін көрсетті – 138,4 мың

"Үздік қаржы кеңесшісі" номинациясында "SkyBridge Invest" АҚ және "BCC Invest" АҚ марапатталды. 2023 жылы компаниялар қаржылық кеңесшілер ретінде KASE-де алғаш рет листинг процедурасынан өткен жаңа эмитенттер шығарылымдарының ең көп санын көрсетті.

"Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар нарығындағы андеррайтер" номинациясында "Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)" АҚ марапатталды. 2023 жыл ішінде компания 8 облигация шығарылымының андеррайтері болды және жалпы сомасы 143,9 млрд теңгені (осы сектордағы орналастырудың жалпы көлемінің 51,4 %) орналастырды.

"Қытай юанінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында "Қазақстандағы Қытай Банкі" Еншілес Банкі" АҚ және "Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп банкі" АҚ марапатталды. Номинация жеңімпаздары Қазақстанда қытайлық юань сауда-саттығын белсенді дамытуда және қазақстандық валюта нарығындағы юанмен биржалық мәмілелер үлесінің біртіндеп өсуіне және биржалық сауда көлемінің ұлғаюына ықпал етуде.

Жергілікті нарықта SPO-ны сәтті өткізгені үшін "KEGOC" АҚ марапатталды. Компания KASE-ге 18,7 млрд теңге тартты, бұл орналастырудың жалпы көлемінің 82,4 %-ын құрайды.

IPO-ны сәтті өткізгені үшін "Эйр Астана" АҚ марапатталды. Компанияның IPO-сы бір мезгілде үш алаңда өтті: Қазақстан қор биржасы, LSE және AIX, олардың шеңберінде 370 миллион АҚШ доллары тартылды, бұл ретте аталған соманың 58 %-ы жергілікті нарықта тартылды.

KASE-дегі IPO нәтижелері бойынша компания акция үшін 1 073,83 теңге бағамен акцияларды сатып алуға 36 мыңнан астам өтінімді қанағаттандырды. KASE-де қанағаттандырылған өтінімдердің жиынтық көлемі 49,2 млрд теңгені (баламасы 108,9 млн АҚШ доллары) немесе жергілікті нарықта ұсынылған жай акциялар көлемінің 76 %-ын құрады.

IPO / SPO сәтті өткізгені үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ марапатталды. Компания 2023 жылы SPO-ға "KEGOC" АҚ-ның жай акцияларын және 2024 жылы IPO-ға "Эйр Астана" АҚ-ның жай акцияларын сәтті шығарды. Бұл IPO / SPO компаниялар үшін және тұтастай алғанда қазақстандық қор нарығы үшін маңызды болып табылады.

"Мемлекеттік қолдау құралдарын пайдалана отырып қаржыландыруды табысты тартқаны үшін" номинациясында "BRBAPK" ЖШС, "Black Biotechnology" ЖШС және "KazWind Energy" ЖШС марапатталды. 2023 жыл ішінде ҚР Ұлттық экономика министрлігінің қолдауымен 2021-2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға түзетулер енгізілді, онда облигациялар бойынша купондық мөлшерлеме мен кепілдіктерді субсидиялауды ұсыну (опционалды) көзделген. 2023 жылы листинг процедурасынан купондық мөлшерлемені субсидиялайтын облигациялардың алғашқы үш шығарылымы өтті – "BRBAPK" ЖШС облигациялары, "KazWindEnergy" ("КазВинд Энерджи") ЖШС және "Black Biotechnology (Блэк Биотехнолоджи)" ЖШС "жасыл" облигациялары.

Бұдан басқа, Биржа "ESG облигациялар нарығының көшбасшысы" номинациясында "Арнур Кредит" МҚҰ" ЖШС, Азия даму банкі, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ және "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ-ын марапаттауға шешім қабылдады. Аталған компаниялар 2023 жыл ішінде "жасыл" және әлеуметтік облигациялар шығаруды жүзеге асырды және KASE-де листинг процедурасынан өтті.

KASE листингілік компаниялары

2023 жылдың қорытындысы бойынша "Айқындыққа ұмтылысы үшін" дипломдарымен:

- қаржы секторының компаниялары – "Қазақстан Халық Банкі" АҚ және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ;
- қаржылық емес сектор компаниялары – "ҚазТрансОйл" АҚ, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ және "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ марапатталды.

Аталған компаниялар инвесторлар үшін ақпаратты ашудың және KASE алаңын пайдалана отырып, инвесторлармен коммуникациялар құрудың ең үздік тәжірибесін көрсетеді.

БАҚ өкілдері

Қазақстандық БАҚ Қазақстан қор нарығының және KASE қызметін 2023 жылы белсенді жариялағаны және қолжетімді әрі қызығарлық форматта материалдар берудегі жоғары кәсібилігі үшін дипломдармен марапатталды.

БАҚ арасында "Халықтың қаржылық сауаттылығын арттырғаны үшін" номинациясы бойынша 24.kz (Хабар 24) телеарнасы мен "Интерфакс-Қазақстан" ақпараттық агенттігі үздік атанды.

"Қор нарығына қатысты ақпаратты жариялаудағы ең креативті тәсіл үшін" номинациясында "Курсив" іскерлік басылымының интернет-сайты және "Inbusiness.kz" ақпараттық агенттігі дипломдармен марапатталды.

"Қор нарығы туралы ең өзекті материал үшін" номинациясында Forbes.kz және Exclusive.kz сайттары жеңімпаз атанды

"Қор нарығына қатысты ақпаратты жариялаудағы жоғары кәсібилігі үшін" номинациясында Kapital.kz іскерлік ақпарат орталығы және Деловой Казахстан ақпараттық-талдау порталы (DKNews.kz) дипломдармен марапатталды.

"Қор нарығына қатысты ақпаратты мемлекеттік тілде жариялағаны үшін" номинациясында BAQ.KZ ақпараттық агенттігі жеңімпаз атанды.

Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржалары акцияларының нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары - репо және валюталық своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы.

KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының халықаралық қауымдастығының (ТМД БХҚ), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, pr@kase.kz.